

Р. Нуранова¹, С. Ибраимова², Д. Кангалакова^{3*}, Н. Батталов⁴

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан;

² Қазақ технология және бизнес университеті, Астана, Қазақстан;

³ҚР ҒЖБ ҒК Экономика институты, Қазақстан;

⁴Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

raikhan71nuranova@gmail.com¹, saule_ibraimova_kz@mail.ru², dmuratbekovna@mail.ru³,
n.n.battalov@gmail.com⁴

<https://orcid.org/0000-0002-5321-1165>¹, <https://orcid.org/0000-0001-6506-2446>²

<https://orcid.org/0000-0001-8388-8559>³

ЕЭО мемлекеттеріндегі жұмыспен қамтуды мемлекеттік қолдау мәселесін талдау

Аңдатпа

Мақсаты: Мақала ЕЭО-ға мүше мемлекеттердегі жұмыспен қамту жағдайын және Ресей, Қазақстан, Қырғызстан, Беларусь және Армениядағы жұмыспен қамту көрсеткіштері мен қолданыстағы жұмыспен қамту бағдарламаларын салыстырмалы және статистикалық талдау, мемлекеттік қолдау бағдарламаларын зерделеуге бағытталған.

Әдісі: Зерттеу барысында негізгі әдістер болып логикалық талдау, синтез, себеп-салдар тұжырымдамаларын жасау, индукция мен дедукция қолданылған.

Қорытынды: Зерттеу барысында 2019 жылғы жұмыспен қамту көрсеткіштері және ЕЭО елдеріндегі қолданыстағы мемлекеттік жұмыспен қамту бағдарламалары талданды. ЕЭО-ға мүше мемлекеттердің жұмыспен қамту бағдарламаларының мақсаттары, міндеттері мен жобалары өзара ұқсас екендігі анықталды. Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясындағы жұмыспен қамту бағдарламалары Армения, Беларусь, Қырғызстан мемлекеттерінің бағдарламалары алдында артықшылыққа ие екені, атап айтқанда, қаржыландырудың көбірек екені және жұмыспен қамтудың неғұрлым ауқымды бағыттарын қамтитыны анықталды.

Тұжырымдама: Жұмыспен қамту — бұл халықтың жақсы өмір сүру деңгейінің кепілі және кедейліктің алдын алуды көздейді. Экономикалық белсенді халықты жұмыспен қамту және халық арасындағы жұмыссыздық деңгейін басқару мемлекеттік басқарудың басым бағыттарының бірі. ЕЭО-ға мүше мемлекеттерде жұмыспен қамту сапасын жақсарту үшін жұмыссыздар үшін кәсіптік даярлаумен, біліктілігін арттырумен, қайта даярлаумен және қоғамдық жұмыстармен, қосымша жұмыс орындарын құратын шағын және орта кәсіпкерлікті қолдаумен және дамытумен байланысты бірқатар іс-шаралар ұсынылады.

Кілт сөздер: жұмыспен қамту, ЕЭО мүше мемлекеттер, жұмыссыздық, нәтижелі жұмыспен қамту, жұмысбастылық, мемлекеттік бағдарлама, мемлекеттік саясат, экономикалық белсенді халық.

Кіріспе

Жұмыспен қамту мәселесі әрқашан өзекті, себебі, жұмыспен қамту, жұмысбастылық және жұмыссыздық деңгейіне қарап, мемлекеттегі экономикалық жағдайдың бір жақ қырын байқауға болады. Яғни, жұмыспен қамтылған халық үлесі жоғары мемлекеттерде өмір сүру деңгейі де жақсы. Жұмыссыздық деңгейі жоғары мемлекеттерде тұрғылықты халықтың өмір сүру деңгейі де қанағаттанарлық. Сол себепті, әр мемлекеттер жұмыспен қамту мәселесі басым бағыттардың біріне айналады. ЕЭО мүше мемлекеттерінде де жұмыспен қамтудың мемлекеттік бағдарламалары жұмыссыздық деңгейін төмендетуге және жұмыс орындарын генерациялауға бағытталады. Жұмыспен қамту мәселесін шешуге әрқашан мемлекеттің көмегімен жүзеге асады. Дегенмен, қазір жұмыспен қамтуға байланысты мемлекеттік саясат нәтижелі қызмет етеді деп айта алмаймыз. Нарықтық экономика халықтың жұмыспен қамтылуына жаңадан мүмкіндіктер берсе де, жұмыспен қамтудың сапасы пен еңбек ресурстарының экономикалық активті болып қалуына жаңадан амал-тәсілдерді үнемі жүзеге асырып отыруын қажет етеді. Жыл өте келе жұмыс орындары көбейген сайын, жұмыссыздар саны да арта түседі, себебі тұрғылықты халық саны да үнемі өсін отырады. Оның барлығы еңбек миғрациясының өсуіне алып келеді. Еңбек миғрациясы артса, кей қалаларда немесе аймақтарда адам санының артуына алып келеді, тамақ, тұрғын-үй, су, энергия сияқты тұтыну заттарына сұраныс артады, тапшылық орын алады. Бұдан басқа мемлекеттерде жұмыспен қамтуға байланысты келесідей мәселелер кезігеді:

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: dmuratbekovna@mail.ru

- экономикалық активті халық арасында жұмыссыздық деңгейі өседі;
- еңбек миграциясының орын алуы, мамандардың интеллектуалды және кәсіби деңгейі төмендейді;
- еңбек нарығындағы еңбек күшіне деген сұраныс пен ұсыныстың диспропорциясы;
- көлеңкелі экономиканың орын алуы, формальды емес жұмыссыздық деңгейі өседі;
- жұмыс берушілер өзіне кадрларды даярлауда және кәсіби деңгейін жоғарылатуда белсенділік танытпайды;
- шынайы жұмыссыздық деңгейінің белгісіздігі;
- еңбек нарығын болжау жүйесінің жетілмегендігі;
- жұмыссыздықты төмендетуге бағытталған қаржылай көмектің жеткіліксіздігі.

Мақаладағы талдау барысында анықталатын зерттеудің гипотезасы:

G_0 -мемлекеттің жұмыспен қамту бағдарламасының тиімділігі және әртараптылығы халық санының санына байланысты емес;

G_1 -мемлекет халық саны жоғары болған сайын мемлекеттік жұмыспен қамту бағдарламасы тиімді болады.

Әдебиеттерге шолу

Жұмыспен қамтуға қатысты зерттеу жұмыстары көп жасалынған. Оның ішінде, жұмыссыздық, жұмыспен қамту бағдарламаларының тиімділігі, олардың мақсатты индикаторларына қатысты жұмыстар жеткілікті. Дегенмен, еңбек нарығын зерттеуде үлкен үлес қосқан ғалымдарды (Гобсон, 2011; Рассел, Кона, 2012; Буланов, 2014; Руденко, Муртозаев, 2014; Яковлева, 2016) атап өтуімізге болады. ЕЭО мүше мемлекеттердегі еңбек нарығында пайда болған мәселелер де зерттелген еңбектерді де қарастырдық (Орозонова, Мырзабаева, 2019). Сонымен қатар ЕЭО мүше мемлекеттердегі еңбек нарығының ағымдағы жағдайының жұмыстары мен еңбек ету шарттарының ерекшелігіне де тоқталдық (Сардарян, Петроченко, 2018; Кузмина, 2017). ЕЭО мүше мемлекеттерінің ортақ еңбек нарығын құрауға ынталары бар екендігі (Сутырин, 2017) және ЕЭО мүше мемлекеттеріндегі жұмыспен қамтудың ерекшеліктері көрсетілген зерттеулер пайдаланылды (Самосейко, 2015). Бұдан басқа, әр жыл сайын ЕЭО мүше мемлекеттерінің комиссиясы еңбек нарығындағы өзгерістерге байланысты жылдық есеп дайындалады (ЕЭО мүше мемлекеттерінің комиссия есебі, 2019). ЕЭО мүше мемлекеттердегі экономикалық қауіпсіздік (Пак, Ушакова, Борисова, 2020) зерттелінсе, бұдан басқа және Беларусь мемлекетіндегі кәсіпкерлікті қолдау арқылы еңбек нарығындағы тиімділік қарастырылған (Морозова, 2021), Қазақстандағы еңбек нарығының жағдайы мен ерекшеліктері де зерттелінген (Құрманбеков, 2019). Ауылды мекендердегі еңбекпен қамтуды мемлекеттік бағдарламамен қамту тұрғысынан Ресейдің жүргізген зерттеу жұмыстары бар (Шағайда, 2020; Бизин, 2018).

Қазір шетелді ғылыми журналдарда жұмыспен қамтудың ең маңызды қайнар көзі кәсіпкерлік ретінде қарастырады және соған қатысты зерттеу жұмыстары жеткілікті. Оның ішінде кәсіпкерлік жаңа жұмыс орындарын жасауға ықпал етеді (Blattman & Ralston, 2015; Stawicka & Parlińska, 2021), Қытайдағы қалаларда бизнестің дамуы жұмыссыздықты азайтады (Chen & Hu, 2021). Ал ауылдық аймақтардағы әйел адамдардың бизнеспен айналысуы олардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуына әсері бар (Peeenco & Schmidt-Padilla, 2020) және басқа да кәсіпкерліктің еңбек нарығына тиімділігі жайлы зерттеу жұмыстары бар.

Әдіснама

Зерттеу барысында экономика ғылымының фундаменталды әдістері логикалық талдау, статистикалық саралау және индукция мен дедукция әдістері қолданылды. Зерттеу жұмысының әдістері жүйелі түрде қолданылып, логикалық қорытындылар жасалынды. Авторлардың ойынша, мемлекеттік бағдарламалардың нәтижелілігін талдауда тек болашақта қойылған индикаторларға жету арқылы мемлекеттік бағдарламаның тиімділігін анықтау толық мәселені көрсетпейді. Жұмыспен қамтуға байланысты мемлекеттік бағдарламалар іске асып, мақсатты жоспарланған индикаторларға қол жеткізілгенмен, болашақта сапалы нәтиже бұрыс болуы мүмкін. Сол себепті, зерттеу барысында талданылған ЕЭО мүше мемлекеттердің жұмыспен қамту бағдарламалары бойынша логикалық тұжырымдар негізгі әдістемелік тәсілдерді құрайды. Бұдан басқа, жалпыға мәлім салыстырмалы талдау әдісі қолданылды. ЕЭО мүше мемлекеттердегі жұмыспен қамту бағдарламалары өзара салыстырылды. Мақаланың статистикалық базасы ЕЭО мүше мемлекеттер комиссиясының жылдық есебі және ресми статистикалық орғандар мәліметтері құрады.

Талдау

а) ЕЭО мүше мемлекеттеріндегі жұмыспен қамту мәселесінің ағымдағы жағдайына талдау

ЕЭО мүшелерінде бірыңғай еңбек ресурстарының нарығын құру әрқашан өзекті. Одаққа мүше болған мемлекеттерде жұмысбастылыққа қатысты ұлттық мемлекеттік бағдарламалары бар. Дегенмен, бес мемлекет арасында еңбек кадрларымен де алмасуға жол берілген. Еңбек нарығындағы сұранысқа байланысты еңбек агенті өзіне қажетті маманды жұмысқа ала алады.

Соңғы жылдары ЕЭО мүше мемлекеттерде жұмыспен қамту мәселесі күрделі мәселе болып отыр. 2019 жылы басталған COVID-19 пандемиясы бүкіл әлемдегі карантиндік жағдайдың орнығуына себеп болды. Карантиндік шаралар өзіндік изоляцияны қажет етті. Соның салдарынан ШОБ субъектілерінің көбі карантиндік шаралар қыспағына шыдай алмай, банкроттыққа ұшырап жабылып жатты. Мемлекет тарапынан қолдау шаралары да ШОБ субъектілерінің жойылуын тоқтата алмады. Оның барлығы мемлекеттегі экономикалық еңбек күшінің санын азайтты. Жұмыссыздық деңгейі өсті.

Жеке мемлекеттерге тоқталсақ, Евразиялық экономикалық комиссияның 2020 жыл соңындағы 2019 жылға берген еңбек нарығының есебінде, 2019 жылы Қазақстанда 9221,5 мың адам еңбек күші тіркелді. Оның 8780,8 мың адам жұмыс басты болса, 440,7 мың адам жұмыссыз (15-64 жас аралығында). Соның ішінде еңбекпен айналысу сферасы бойынша, 8780,8 мың адамның 66,8% қызмет көрсетуде, 13,5%(1185,4 мың адам) ауыл, орман, балық шаруашылығында болса, 12,5 % (1097,6 мың адам) өндірісте және 7,2 % құрылыс саласында тіркелген. Яғни, ең көбі 66,8 % немесе 5865,5 мың адам қызмет көрсету саласында жұмыс жасайды. Еңбекақы бойынша Қазақстанда 2019 жылы орта есеппен алғанда ерлер 582 доллар алса, әйел адамдар 394 доллар алған, жұмыспен қамтылғандардың орта есеппен алғандағы еңбекақысы 488 долларды құрайды. Жоғары жалақы 1086 доллар көлемінде кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу жұмыскерлері алатын болса, ең аз жалақыны 302 доллар көлемінде ауыл, орман, балық шаруашылығында істейтін жұмыскерлер алған. 2019 жылы жұмыссыздық деңгейі 4,8 % құрады, оның ішінде 25-59 жас аралығындағы адам саны көп.

2019 жылы Армения Республикасында жұмыс күші 1318,1 мың адамды құраған. Оның құрамында 1077,4 мың адам жұмысбасты болса, 240,7 мың адам жұмыссыз болды. Оның ішінде еңбекпен айналысу сферасы бойынша, 1318,1 мың адамның 55,3% қызмет көрсетуде (728 мың), 21,95% (289,3 мың адам) ауыл, орман, балық шаруашылығында болса, 13,8 % (181,8 мың адам) өндірісте және 9 % (118,6 мың адам) құрылыс саласында тіркелген. Орташа еңбекақы мөлшері бойынша республика бойынша орташа еңбекақы мөлшері 380 долларды құраған. Ер адамдардың орташа еңбекақысы 463 доллар болса, әйел адамдардікі 302 доллар болды. Жалақы мөлшері жоғары сала болып кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу 992 доллар болса, ең аз төлейтін сала 206 долларды құрап, яғни өмір сүру және тамақ бойынша қызмет көрсету саласы болып танылады. 2019 жылы Армения Республикасында жұмыссыздық деңгейі 18,3 % болып, 240,7 мың адамды құрады.

Беларусь Республикасында еңбек күшінің 2019 жылғы мөлшері 5122,4 мың адамды құрады. Оның ішінде 4909,1 мың жұмыс басты болса, 213,3 мың адамы жұмыссыз. Еңбек ету саласына байланысты 4909,1 мың адамның 62,1 % қызмет ету саласында, 8,7 % ауыл, орман, балық шаруашылығында болса, 23,7 % мен 6,4 % өндіріс пен құрылыс салаларына тиесілі. Яғни, ең көп жұмыспен қамту саласы қызмет көрсету саласы болып отыр. Беларусь Республикасында орташа еңбекақы мөлшері 523 долларды құрайды. Гендерлік ерекшелуіне байланысты, 2019 жылы орташа есеппен алғанда ерлер 669 доллар алса, әйел адамдар 489 доллар алды. ЕЭО мүше мемлекеттеріне қарағанда Беларусь Республикасындағы жұмыссыздық мөлшері 4,2 % құрайды. Жұмыссыздардың ең көп саны 30-54 жас аралығындағы азаматтар болды.

Қырғызстанда еңбек күші 2583,6 мың адамды құраса, оның ішінде 2442,7 адам жұмыспен қамтылған, қалған 140,9 мың адам жұмыссыз болып саналады. 2019 жылдың статистикасына сай, Қырғызстанда 2583,6 мың адамның 55,2% қызмет көрсету саласында жұмыс жасаса, 18,1% ауыл, орман, балық шаруашылығында қызмет жасайды. Басқа мемлекеттердегідей, өндіріс саласы мен құрылыста қызмет ететін жұмыскерлер саны сәйкесінше 14,9% және 11,8% аз мөлшерді құрайды. Орташа номиналды жалақы көлемін қарастырсақ, Қырғызстанда оның шамасы 247 доллар құрайды, ерлер арасында 268 доллар болса, әйелдер арасында 207 доллар болды. Экономика салаларында ең жоғары жалақыны қаржы және сақтандырумен айналысатын сала қызметкерлері орта есеппен 511 доллар алады. Ал ең аз мөлшердегі жалақыны өнер, демалыс, ойын-сауық саласындағы қызметкер алады. Жұмыссыздық деңгейі 2019 жылы 5,5 % құрап, 140,9 мың адамды қамтыды.

2019 жылы Ресейде жұмыс күші 75397,9 мың адамды құрап, оның ішінде 71933,1 мың адам жұмыспен қамтылса, 3464,8 мың адам жұмыссыз болып ресми тіркелді. Жұмысбасты халықтың эконо-

микалық салаларға байланысты, 75397,9 мың адамның 67,4 % қызмет ету саласында жұмыс жасаса, 19,9 % өндіріс саласында қызмет етеді. Ал 5,8% және 6,9 % мөлшерді құрайтын жұмыспен қамту салалары орман, ауыл, балық шаруашылығы мен құрылыс салаларын қамтиды. Орташа айлық жалақы мөлшері 2019 жылы 740 долларды құрады. Оның ішінде, ерлердің орташа айлық жалақы мөлшері 927 доллар болса, әйелдердікі 641 доллар. Жоғары орташа айлық жалақыны қаржы және сақтандыру саласында 1602 доллар көлемінде алса, ең төмен орташа айлық жалақы 436 доллар өмір сүру және тамақтаны саласына тиесілі. 2019 жылы жұмыссыздық мөлшері 4,6 % болып, 3464,8 мың адамды құрады.

Қорытындылай келе, экономикалық активті халқы мөлшері мен жұмыссыздық мөлшері бойынша Ресей Федерациясы басқа мемлекеттерге қарағанда жоғары көрсеткішке ие. Ерлер және әйелдер алатын орта есеппен есептелген жалақы бойынша да Ресейде қызмет ететін адамдар жалақысы жоғары. Барлық мемлекеттерде экономикалық белсенді халық сауда немесе қызмет көрсету саласында қызмет жасайды. Өндіріс саласында қызмет ететін адамдар саны аз, бұл деңгейіміз өндірістің даму деңгейінің бәсең болуында. Өрине, өндірісте қызмет ететін халық табысы жоғары болғанымен, әлемдік нарықта бәсекеге түсетін өндіріс ЕЭО мүше мемлекеттерінде тапшы. Жалпы, ЕЭО мүше мемлекеттерінің жұмыспен қамту мәселесі әр түрлі, сол себепті мүше мемлекеттердегі жұмыспен қамтуға байланысты мемлекеттік қолдау бағдарламалары талданады.

б) ЕЭО мүше мемлекеттердегі жұмыспен қамтуға қатысты мемлекеттік бағдарламаларға талдау нәтижесі

1-кестеде көрсетілгендей, ЕЭО мүше мемлекеттердің жұмыспен қамтуға байланысты қолданыста бар бағдарламаларына талдау берілген.

Қазақстанда жұмысбастылыққа қатысты «Еңбек» бағдарламасы бойынша тұрғылықты халықты нәтижелі жұмыспен қамтуды кәсіпкерлік арқылы жүзеге асыру мақсат болып табылады. Жалпы кәсіпкерлік орта тапты құрайды. Қазақстанда орта тап үлесі аз, кедей тап үлесі жоғары. Сол себепті, кәсіпкерлікті дамыта отырып, орта тап үлесін арттыру соңғы ҚР Президенті Қ-Ж. Тоқаевтың халыққа арналған үндеуінде айтылған болатын. Кәсіпкерлік дамытын болса, халық жұмыспен қамтылады. Жұмыспен қамтылған халықтың өмір сүру деңгейі жоғарылайды. Мемлекеттік бағдарламада ресми жұмыссыздықты төмендетумен бірге біраз шаралар кәсіпкерліктің дамуына бағытталған. Жаппай халықты, оның ішінде әсіресе жастарды кәсіпкерлікке баулы, оның аясында «Жастар — ел тірегі», «Мәңгілік ел жастары — индустрияға!» («Серпін») жобалар жасалынды. Соңғы ҚР Президентінің үндеуінде техникалық мамандығы бар азаматтарды жұмыспен қамту ерекше орын алсын деп айтылды. ҚР шикізат өнімін көп шығарғанымен, оны өндейтін және дайын өнім шығаратын өндірістің қалыптасуы қажеттігі және ондағы кәсіби мамандардың тапшылығы орын алып отыр. Сол себепті, кәсіби техникалық бағытта мамандарды даярлау басым бағыттардың бірі болып отыр.

2021 жылғы мәліметтерге сай халық саны 145,4 млн адамды қамтитын Ресей Федерациясында жұмыссыздар саны 1,2 млн адам құрайды. 2014 жылы «2014-2024 жылдарға арналған Халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу» атты жұмыссыздық деңгейін төмендететін, жұмыс орындарын құрауға қатысты мемлекеттік бағдарлама жасалынған. 2022 жылдағы әлемдік экономикалық нарықтағы шиеленіске байланысты өзгерістер енгізілді. Мемлекеттік бағдарламаның бюджеттік қоры 14,7 млрд долларды құрайды. Мемлекеттік бағдарламаның екі басты мақсаты бар, біріншісі — 2030 жылға дейін тіркелетін ресми жұмыссыздық деңгейі 1% жоғары болмау. Мемлекеттік бағдарламаның тиімділігін көрсететін көрсеткіш 2024 жылы тіркелген ресми жұмыссыздық деңгейі екі есе төмен болу керек, яғни ол шамамен 2-3% аралығында. Бірінші мақсатқа жету барысында әртүрлі міндеттер қойылған, ол міндеттерді жүзеге асыру үшін федералдық жобалар жоспарланған, яғни жұмыспен қамтудың бағыттары анықталған. Жұмыспен қамтуды жүзеге асыру «Демография» федералдық жоба, «Цифрлі мемлекеттік басқару» және «РФ цифрлі экономикасы» сияқты федералдық жобалар аясында жүзеге асады. Оның ішінде, мысалы «Демография» федералдық жобада жұмыспен қамту органдарында жұмыссыз деп танылатын 50 жасқа дейінгі азаматтар, мектепке дейінгі жасқа дейін, бірақ жұмыс ету шарты жоқ декреттік демалыста отырған әйел адамдар, 3 жасқа дейін декреттік демалыста отырған әйел адамдарды кәсіби мамандыққа және қосымша мамандыққа оқыту сияқты шаралар жүргізіледі. Ал «Цифрлі экономика» федералдық жоба аясында жұмыспен қамту және жұмысбастылыққа қатысты қызметтерді электронды түрде сапалы жүзеге асыру шаралары кіреді. Яғни, жұмыспен қамтуға қатысты қайта кәсіби мамандыққа оқыту және жұмысқа тұру үшін ұйымдастырылған мемлекеттік

орғанның қызметін оңтайландыру жұмыстары мемлекеттік бағдарламаның бірінші мақсатын жүзеге асыруды көздейді. Яғни, халық жұмысбастылығының флағмандық орталығын құру көзделеді.

Екіншісі, қауінсіз еңбек мәдениетін қалыптастыру және еңбек ету барысында қауінсіздікті қамтамасыз ету шаралардың тиімділігін арттыру. Бағдарлама тиімділігін көрсететін көрсеткіштер ретінде «бір және одан да көп жұмыс күніне еңбекке қабілеттілігінен айрылған және өліммен аяқталған зардап шеккендердің саны» және «өліммен аяқталған өндірістегі жазатайым оқиғалар кезінде зардап шеккендердің саны» алынады. Яғни, 2030 жылға дейін бір және одан да көп жұмыс күніне еңбекке қабілеттілігінен айрылған және өліммен аяқталған зардап шеккендердің санын 892 дейін жеткізу, ал өліммен аяқталған өндірістегі жазатайым оқиғалар кезінде зардап шеккендердің санын 17500 жеткізу. 2018 жылы өліммен аяқталған өндірістегі жазатайым оқиғалар кезінде зардап шеккендердің саны 23,6 мың адам болған және бір және одан да көп жұмыс күніне еңбекке қабілеттілігінен айрылған және өліммен аяқталған зардап шеккендердің саны 1200 адамды құрады.

Қырғызстанда 2021 жылғы санақ бойынша 6,7 млн адам тіркелген, оның 76,5 мың адамы ресми жұмыссыз. 2014 жылы 2020 жылға дейін жоспарланған стратегиялық бағдарламаның аты — «Халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және ішкі және сыртқы еңбек көші-қонын реттеу». Бағдарламаның бюджеттік қоры 18,6 млн долларды қамтиды. Бағдарламаның мақсаты — жұмысқа қабілетті тұрғындарды сапалы жұмыс орнымен қамтамасыз ету, еңбек ресурстарын рационалды пайдалану мен шетелде жүрген қандастардың еңбек құқығын қорғау. Қырғызстандағы мемлекеттік бағдарламаның назар аударған басты бағыттарын еңбек ресурстарының сапасы мен бәсекеқабілеттігін арттыру, салалардағы еңбек күшіне деген сұраныс пен ұсынысты зерттеу, болжау, шетелде жұмыс жасағысы келетін азаматтардың құқықтарын қорғау қамтиды. Көрші Орта Азия мемлекеттеріне қарағанда еңбек нарығында жағдай нашар. Барлығымызға мәлім қырғыз азаматтарының шетелде жұмысқа орналасу жағдайлары жиі орын алады. Оған себеп болған мәселе, мемлекеттегі әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайдың құбылмалығы. Яғни, Қырғызстандағы әлеуметтік-экономикалық жағдай дамитын болса, еңбек нарығындағы жағдайдың жақсаруына әкеледі, еңбек миграциясын азайтады. Мемлекеттік бағдарлама аясында келесідей нәтижелерге қол жеткізу көзделеді: ресми жұмыссыздық деңгейін 2%, жалпы жұмыссыздық деңгейін 8% түсіру, еңбек миграция үлесін азайту, жұмыс орындарын қамту және қайта кәсіби даярлықтан өткен мамандардың 70% міндетті жұмыспен қамту.

Беларусьтағы жұмыспен қамтуға қатысты бағдарламаның мақсаты тұрғылықты халық арасында жұмыссыз жүрген азаматтарды жұмыспен қамтуға жәрдемдесу болып табылады. Бұл мақсатқа жету үшін келесідей міндеттер қойылады: әлеуметтік кепіл беру арқылы және мемлекеттік қолдау арқылы шаралар ұйымдастыру, экономикалық активті емес халықты жұмыспен қамтуға ынталандыру, еңбек нарығындағы ұсыныс пен сұраныстың балансын ұстау, еңбек шарттарын тиімділеу және еңбекті қорғау. Яғни, декретте отырған аналарға, мүгедек және денсаулығына байланысты кем адамдарды еңбек қатынастарына араластыру, жұмыспен қамту шараларын ұйымдастыру жұмыстарын жүзеге асырады. Бұдан басқа, аймақтардағы жұмыс орындары бар туралы мәліметтерді бәріне беру платформа-сын ұйымдастыру.

Арменияда жұмыспен қамтуға байланысты 2019 жылы стратегиялық жоба «Армения, жұмыс жаса!» (Newsarmenia, 2021) қабылданған болатын. Бұл стратегиялық бастаманың мақсаты — Армениядағы жұмыссыздықты төмендету және жұмыссыз жүрген халықты жұмыспен қамту. ЕЭО мүше мемлекеттері ішінде Арменияда ең жоғары жұмыссыздық мөлшері. Бұдан басқа, ЕЭО мүше мемлекеттердің еңбек нарығында армяндықтар үлесі жоғары. Яғни мемлекетте орныққан жұмыссыздыққа байланысты, жұмыссыз жүрген халық Ресейде, немесе өзге шетелде жұмыс жасауға мақсат етеді. Жұмыссыздар ішінде үлкен үлесті 15-35 жас аралығындағы азаматтар қамтиды. «Армения, жұмыс жаса» жобасы тұрғылықты халық арасында адами капиталды дамытуға, жұмыспен қамтуды ынталандыруға және олардың көмегімен халықтың өмір сүру деңгейін арттыруға бағытталған. Жұмыспен қамтуды ынталандыруда жұмыс берушілер мен жұмысқа тұрушылар арасында байланысты орнықтыру, жас мамандарды дайындауда жұмыс берушілердің сұранысына байланысты икемдеу көзделеді. Бұл жобаның бағыттарының бірі жас мамандарды қайта әскери даярлаудан өткізін, әскер қатарына енгізу болып табылады.

1-кесте. ЕЭО мүше мемлекеттердегі жұмыспен қамту көрсеткіштері мен бағдарламалары

ЕЭО мүше мемлекеттер	Халық саны 2021 жыл	Жұмыссыздар саны, 2021 жыл	Жұмыспен қамтудың мемлекеттік бағдарламасы	Мемлекеттік бағдарлама мақсаты	Объем бюджета	Бюджет көлемі, доллар
Ресей Федерациясы	145,4 млн	1,2 млн	"Халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу" 2014-2024 жылғы бағдарлама (2022 жылғы өзгерістер)	Бағдарламаның негізгі мақсаты – 2030 жылға қарай тіркелетін жұмыссыздық деңгейінің мәнін 1 пайыздан артық асырмау. Бұдан басқа еңбек нарығын тиімді дамытуға ықпал ететін құқықтық, экономикалық және институционалдық жағдайлар жасау	927382719,5 мың рубль	14,7 млрд доллар
Қазақстан Республикасы	19,1 млн	449 мың	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыудың 2017-2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы	Халықты нәтижелі жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және азаматтарды кәсіпкерлікке тарту.	593769513 мың тг	1,5 млрд доллар
Белорусь Республикасы	9,3 млн	8 мың	2021–2025 жылдарға арналған "Еңбек нарығы және жұмыспен қамтуға жәрдемдесу"	Мемлекеттік бағдарламаның мақсаты халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу саласындағы мемлекеттік саясаты іске асыруды қамтамасыз ету болып табылады. Жұмыссыздықты 2025 жылға қарай 4,2% - ға азайту	215 009 935,9 рубль	0,1 млрд доллар (102 млн)
Қырғыз Республикасы	6,7 млн	76,5 мың	Халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және ішкі және сыртқы еңбек көші-қонның реттеудің 2020 жылға дейінгі бағдарламасы	Еңбек ресурстарын неғұрлым толық және ұтымды пайдалануды, инетелде еңбек қызметін жүзеге асыратын Қырғызстан азаматтарының құқықтарын қорғауды ескере отырып, халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларын жандандыру жолымен халықты нәтижелі жұмыспен қамту үшін жағдайлар жасау, жұмыссыздықты және еңбек нарығындағы сұраныспен ұсыныстың теңгерімсіздігін төмендету.	1,3 млрд сом	18,6 млн доллар
Армения	2,9 млн	57,9 мың	«Армения, жұмыс жаса!» 2019-2023 стратегиялық бағдарламасы	Бағдарламаның негізгі тіректері Арменияда адам капиталын дамыту, жұмыспен қамтуды ынталандыру және институционалдық реформалар жүргізу болады.	-	-

Ескерту – ЕЭО мүше мемлекеттердің жұмыспен қамтуға байланысты бағдарламалары негізінде авторлармен құрастырылған

Талдау барысында барлық ЕЭО мүше мемлекеттер қарастырылды. Талдау барысында келесідей тұжырымдар жасалынды:

- Ресей Федерациясында халық саны, жұмыссыздар саны және бағдарлама ауқымы өзге мемлекеттерге қарағанда жоғары;
- Армения Республикасында жұмыспен қамту бағдарламасы әлсіз және жұмыссыздық деңгейі ең жоғары;

- Ресей жұмыссыздықтың алдын алу үшін халық арасындағы әлеуметтік тапты ынталандыру мен еңбек қауіпсіздігіне назар аударса, Қазақстан Республикасында басты назар кәсіпкерлік арқылы жұмыссыздық деңгейін төмендету болып отыр;

- Қызығызстанда жұмыссыздық деңгейін төмендетумен бірге, шетелде жұмыс жасайтын азаматтардың еңбек құқықтарын қорғау маңызды орын алады;

- Мақсатты индикаторларға байланысты жұмыссыздықпен күресудің тиімді саясаты Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы ерекшеленеді.

- Армения мен Беларусь мемлекеттерінде жұмыссыздықтың алдын алудағы саясаты жеткіліксіз.

Зерттеу гипотезасы бойынша G_1 расталды. Халық саны жоғары болған сайын жұмыссыздық деңгейі артады. Экономикадағы белсенді халық санының жұмыс істеу саласы арта түседі. Жұмыспен қамтудың сапасын арттыру мақсатында мемлекет тарапынан сан алуан шаралар жүзеге асырылады. Мемлекеттік бағдарламаларда сапалы жұмыспен қамтамасыз ету құралдар мен жобалары саны жоғары болады. Яғни, мемлекеттік жұмыспен қамту бағдарламасындағы мақсатты индикаторлар саны жоғары, жоба тиімділігі мен сапасы жақсы деңгейде болады. Ресей халық саны жоғары, жұмыспен қамту бағдарламасы әр алуан жобаларды қамтиды. Жұмыспен қамту бағдарламасының қаржыландыру қоры үлкен. Болашақта бағдарламаның нәтижелілігі жоғары болуының ықтималдығы жоғары.

Қорытынды

Зерттеу жұмысында ЕЭО мүшелеріндегі жұмыспен қамту мәселесі талданған. Талдау барысында, Қазақстан Республикасында жұмыссыздық деңгейі жоғары болып анықталып отыр. Ресейде 146 млн адамның 1,2 млн жұмыссыз болса, Қазақстанда 19 млн адамның 450 мыңға жуығы жұмыссыз. Бұдан басқа, салыстырмалы түрде Армения, Беларусь, Қырғызстанмен салыстырсақ та, жұмыссыздар үлесі Қазақстанда жоғары. Мемлекеттік бағдарламалардың бюджеттік қоры мен қамтитын ауқымын қарастыратын болсақ, Ресей мен Қазақстан жұмыспен қамту бағдарламасы тиімді және бюджеттік қоры ауқымды. Сол себепті, ЕЭО мүше мемлекеттерінде жұмыспен қамту бағытында қабылданатын келесідей шараларды ұсынамыз:

- халық арасында жұмысқа орналасуға жәрдемдесу;
- жұмыссыздар үшін кәсіби даярлау, біліктілікті арттыру, қайта даярлау және қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру;
- қоғамдық жұмыстарда істейтін жұмыссыздар еңбегіне ақы төлеу;
- табысы аз азаматтарға жататын жұмыссыздарға атаулы әлеуметтік көмек көрсету;
- жұмыс күшіне сұраныс пен ұсыныс теңгерімділігі жөніндегі шаралар жүргізу;
- халықты әлеуметтік қолдауға мұқтаж нысаналы топтардың жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру;
- қосымша жұмыс орындарын құратын шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту;
- жұмыспен қамтудың өнірлік мәселелерін шешуде жергілікті атқарушы органдардың рөлі жөніндегі шаралар қабылдау;
- білім беру ұйымдарының түлектерін жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және т.б.

Әдебиеттер тізімі

- Blattman, C. Generating Employment in Poor and Fragile States: Evidence from Labor Market and Entrepreneurship Programs / C. Blattman, L.R. Ralston // *Sustainability & Economics eJournal*. — 2015. DOI:10.2139/ssrn.2622220.
- Chen J. City-level hukou-based labor market discrimination and migrant entrepreneurship in China / J. Chen, M. Hu // *Technological and Economic Development of Economy*. — 2021. — № 27 (5). — P. 1095-1118. DOI:10.3846/TEDE.2021.15006
- Pecenco M. Opportunities and Entrepreneurship: Evidence on Advanced Labor Market Experience / M. Pecenco, C. Schmidt-Padilla, H. Taveras. — 2020. — P.124-135.
- Stawicka E. Female entrepreneurship in rural areas in the aspect of the labor market / E. Stawicka, M. Parlińska // *22nd International Scientific Conference. "Economic Science for Rural Development 2021" No 55 Sustainable Bioeconomy, Integrated and Sustainable Regional Development, Rural Development and Entrepreneurship, Circular Economy: Climate Change, Environmental Aspect, Cooperation, Supply Chains, Efficiency*. — 2021.
- Бизин С.В. Анализ развития регионального рынка труда и проблемы занятости населения / С.В. Бизин // *Экономика труда*. — 2018. — Т. 5. — № 3. — С. 745–760. doi: 10.18334/et.5.3.39415
- Буланов В. Рынок труда: учеб. / В. Буланов, Н. Волгин. — М., 2014. — 680 с.

- Гобсон Дж. Проблемы безработицы (Problem of the unemployed) / Дж. Гобсон; пер. с англ. — 2-е изд. — М., 2011. — 149 с.
- Кузьмина Е. Зачем нужен рынок труда ЕАЭС? [Электронный ресурс] / Е. Кузьмина. — Режим доступа: https://spbredcross.org/images/pr_grant/EAES.pdf
- Құрманбеков А. Рынок труда Казахстана — сдержанный рост [Электронный ресурс] / А. Құрманбеков. — Режим доступа: <https://halykfinance.kz/download/files/company-documents/research/labour2019.pdf>.
- Морозова Н.Н. Поддержка развития малого женского предпринимательства. Для обеспечения эффективной занятости на рынке труда Интернет ресурс [Электронный ресурс] / Н.Н. Морозова. — Режим доступа: <https://cyberleninka.ru/article/n/podderzhka-razvitiya-malogo-zhenskogo-predprinimatelstva-dlya-obespecheniya-effektivnoy-zanyatosti-na-rynke-truda1>.
- Орозонова А. Проблемы рынка труда в странах ЕАЭС / А. Орозонова, Н. Мырзабаева // Журн. междунар. экон. отн. — 2019. DOI: 9. 771. 10.18334/eo.9.2.39780.
- Пак Х.С. Страны ЕАЭС: оценка экономической безопасности / Х.С. Пак, Е.В.Ушакова, Т.А. Борисова // Экономика и менеджмент. — 2020. — 26 (5). — С. 366–372.
- Работай Армения: власти взяли за разработку очередной стратегии. [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://newsarmenia.am/news/society/rabotay-armeniya-vlasti-vzylis-za-razrabotku-ocherednoy-strategii-gazeta/>
- Рассел Д. Рынок труда / Д. Рассел, Р. Кон. — М: VSD, 2012. — 84 с.
- Руденко Г. Формирование рынков труда : учеб. пос. / Г. Руденко, Б. Муртозаев. — М., 2014. — 416 с.
- Рынок труда: учеб. и практ. для академического бакалавриата / под ред. Е. Б. Яковлевой. — М., 2016. — 355 с.
- Самосейко В. Особенности обеспечения занятости и трудоустройства граждан государств-членов Евразийского экономического союза / В. Самосейко. [Электронный ресурс]. — Режим доступа: https://etalonline.by/document/?regnum=u01502138&q_id=0&ysclid=17ovoslfqf982138948.
- Сардарян А.Р. Современное состояние и проблемы рынка труда в странах ЕАЭС / А.Р. Сардарян, А.А. Петроченко // Изв. Саратов. ун-та. Нов. сер. Сер. Экономика. Управление. Право. — 2018. — Т. 18. — Вып. 1. — С. 19–27. DOI: 10.18500/1994-25402018-18-1-19-27.
- Статистика Евразийского экономического союза. Аналитический обзор. [Электронный ресурс]. — Режим доступа: http://www.eurasiancommission.org/ru/act/integr_i_makroec/dep_stat/econstat/Documents/labourmarket_2019.pdf
- Сутырин В. Страны СНГ будут сближаться с Евразийским союзом для доступа к единому рынку труда [Электронный ресурс]. / В. Сутырин. — Режим доступа: https://eurasia.expert/strany-sng-budut-sblizhatsya-s-evraziyskim-soyuzom-dlya-dostupa-k-edinomu-rynku-truda/?utm_source=yandex.kz&utm_medium=organic&utm_campaign=yandex.kz&utm_referrer=yandex.kz
- Шагайда Н. Содействие занятости сельского населения: как скорректировать госпрограмму / Н. Шагайда, А. Потапова // Экономическое развитие России. — 2020. — № 27 (3). — С. 37–40.

Р. Нуранова, С. Ибраимова, Д. Кангалакова, Н. Батталов

Анализ государственной поддержки занятости в государствах-членах ЕАЭС

Аннотация:

Цель: Статья направлена на изучение состояния занятости в государствах-членах ЕАЭС и программ государственной поддержки в данной сфере посредством сравнительного и статистического анализа показателей занятости и действующих программ занятости в России, Казахстане, Кыргызстане, Беларуси и Армении.

Метод: К числу основных методов, используемых в статье, относятся методы логического анализа, синтеза, разработки причинно-следственных понятий, индукции и дедукции.

Результат: В ходе исследования были проанализированы показатели занятости за 2019 год и действующие государственные программы занятости в странах ЕАЭС. Были выявлены схожие цели, задачи и проекты программ занятости государств-членов ЕАЭС. Установлено, что программы занятости в Республике Казахстан и Российской Федерации имеют преимущества перед программами государств Армении, Беларуси, Кыргызстана, а именно имеют больше финансирования и охватывает более обширные направления занятости.

Выводы: Занятость населения представляет собой залог хорошего уровня жизни населения и предупреждение бедности. Занятость экономически активного населения и управление уровнем безработицы среди населения являются одним из приоритетных направлений государственного управления. Для улучшения качества занятости в государствах-членах ЕАЭС рекомендуется ряд мероприятий, связанных с профессиональной подготовкой, повышением квалификации, переподготовкой и общественными работами для безработных, поддержкой и развитием малого и среднего предпринимательства, создающего дополнительные рабочие места.

Ключевые слова: занятость, государства-члены ЕАЭС, безработица, продуктивная занятость, трудоустройство, государственная программа, государственная политика, экономически активное население.

R. Nýranova, S. Ibramova, D. Kangalakova, N.Battalov

Analysis of state support for employment in the EAEU

Annotation

Object: this article is aimed at studying the state of employment in the EAEU member states and state support programs in this area through comparative and statistical analysis of employment indicators and existing employment programs in Russia, Kazakhstan, Kyrgyzstan, Belarus and Armenia.

Methods: the main methods used in the article include methods of logical analysis, synthesis and development of causal concepts, induction and deduction.

Findings: in the course of the study, employment indicators for 2019 and the current state employment programs in the EAEU countries were analyzed. Similar goals, tasks and projects of employment programs of the EAEU member states were identified. It is established that employment programs in the Republic of Kazakhstan and the Russian Federation have advantages over the programs of the states of Armenia, Belarus, Kyrgyzstan, namely, they have more funding and cover more extensive areas of employment.

Conclusions: employment of the population is a guarantee of a good standard of living of the population and the prevention of poverty. The employment of the economically active population and the management of the unemployment rate among the population is one of the priorities of public administration. To improve the quality of employment in the EAEU member States, a number of measures are recommended related to vocational training, advanced training, retraining and community service for the unemployed, support and development of small and medium-sized businesses that create additional jobs.

Keywords: employment, EAEU member states, unemployment, productive employment, state program, state policy, economically active population

References

- Bizin, S. V. (2018). Analiz razvitiia regionalnogo rynka truda i problemy zaniatosti naseleniia [Analysis of the development of the regional labor market and the problems of employment]. *Ekonomika truda — Labor economics*, 5, 3, 745–760. doi: 10.18334/et.5.3.39415 [in Russian].
- Blattman, C., & Ralston, L. R. (2015). Generating Employment in Poor and Fragile States: Evidence from Labor Market and Entrepreneurship Programs. *Sustainability & Economics. eJournal*. Retrieved from https://www.edulinks.org/sites/default/files/media/file/Blattman_Employment_Lit_Review.pdf
- Bulanov, V., & Volgin, N. (2014). Rynok truda [Labor market][in Russian].
- Chen, J., & Hu, M. (2021). City-level hukou-based labor market discrimination and migrant entrepreneurship in China. *Technological and Economic Development of Economy*. Retrieved from <https://doi.org/10.3846/tede.2021.15006>
- Dlia obespecheniia effektivnoi zaniatosti na rynke truda Internet resurs [To ensure effective employment in the labor market online resource]. Retrieved from https://cyberleninka.ru/article/n/podderzhka-razvitiya-malogo-zhenskogo-predprinimatelstva-dlya-obespecheniya-effektivnoy-zanyatosti-na-rynke-truda1econstat/Documents/labourmarket_2019.pdf [in Russian].
- Gobson, Dzh. (2011). Problemy bezrabortitsy [Problem of the unemployment]: eng. translate 2-nd ed, 149 [in Russian].
- Kurmanbekov, A. Rynok truda Kazakhstana — sderzhannyi rost [Kazakhstan's labor market – restrained growth]. Retrieved from <https://halykfinance.kz/download/files/company-documents/research/labour2019.pdf> [in Russian].
- Kuzmina, E. Zachem nuzhen ryok truda EAES? [Why the EAEU labor market is needed]. Retrieved from https://spbredcross.org/images/pr_grant/EAES.pdf [in Russian].
- Morozova, N.N. Podderzhka razvitiia malogo zhenskogo predprinimatelstva [Support for the development of small women's entrepreneurship]. Retrieved from <https://cyberleninka.ru/article/n/podderzhka-razvitiya-malogo-zhenskogo-predprinimatelstva-dlya-obespecheniya-effektivnoy-zanyatosti-na-rynke-truda1/viewer> [in Russian].
- Orozonova, A. & Myrzabaeva, N. (2019). Problemy rynka truda v stranakh EAES [Labor market problems in the EAEU countries]. *Zhurnal mezhdunarodnykh ekonomicheskikh otnoshenii* [Journal of International Economic Affairs]. DOI: 9. 771. 10.18334/eo.9.2.39780 [in Russian].
- Pak, H.S., Ushakova, E.V., & Borisova, T.A. (2020). Strany EAES: otsenka ekonomicheskoi bezopasnosti [The EEC countries: assessment of economic security] *Economics and Management*, 26 (5), 366–372 [in Russian].
- Pecenco, M., Schmidt-Padilla, C., & Taveras, H. (2020). Opportunities and Entrepreneurship: Evidence on Advanced Labor Market Experience, 2020, 124-135.
- Rabotai Armeniia: vlasti vzialis za razrabotku ocherednoi strategii [Work, Armenia: the authorities have taken up the development of the next strategy]. Retrieved from <https://newsarmenia.am/news/society/rabotay-armeniya-vlasti-vzialis-za-razrabotku-ocherednoy-strategii-gazeta/> [in Russian].
- Rassel, D., & Kon, R. (2012). Rynok truda [Labor economics]. Moscow: VSD, 84 [in Russian].
- Rudenko, G., & Murtozaev, B. (2014). Formirovanie rynkov truda [Formation of labor markets: tutorial]. Moscow, 416 [in Russian].

- Samoseiko, V. Osobnosti obespecheniia zaniatosti i trudoustroistva grazhdan gosudarstv-chlenov Evraziiskogo ekonomicheskogo soiuza [Features of ensuring employment of citizens of the member States of the Eurasian Economic Union]. Retrieved from https://etalonline.by/document/?regnum=u01502138&q_id=0&ysclid=17ovoslqf982138948 [in Russian].
- Sardaryan, A. R., & Petrochenko, A. A. (2018). Sovremennoe sostoianie i problemy rynka truda v stranakh EAES [The Current State and Problems of the Labor Market in the EAEC Countries. *Izvestiia Saratovskogo universiteta. Novaia seriia. Seriia Ekonomika. Upravlenie. Pravo* — News of the Saratov University. New series, Economy Series. Management. Law, 18(1), 19–27. DOI: 10.18500/1994-2540-2018-18-1-19-27 [in Russian].
- Shagajda, N., & Potapova, A. (2020). Sodeistvie zaniatosti selskogo naseleniia: kak skorrektirovat gosprogramm. [Promoting rural employment: how to adjust the state program]. *Ekonomicheskoe razvitie Rossii* — Economic development of Russia, 27 (3), 37–40 [in Russian].
- Statistika Evraziiskogo ekonomicheskogo soiuza. Analiticheskii obzor [Statistics of the Eurasian Economic Union. Analytical review]. Retrieved from http://www.eurasiancommission.org/ru/act/integr_i_makroec/dep_stat/ [in Russian].
- Stawicka, E., & Parlińska, M. (2021). Female entrepreneurship in rural areas in the aspect of the labor market. *22nd International Scientific Conference. "Economic Science for Rural Development 2021" No 55 Sustainable Bioeconomy, Integrated and Sustainable Regional Development, Rural Development and Entrepreneurship, Circular Economy: Climate Change, Environmental Aspect, Cooperation, Supply Chains, Efficiency.*
- Sutyryn, V. Strany SNG budut sblizhatsia s Evraziiskim soiuzom dlia dostupa k edinomu rynku truda [The CIS countries will move closer to the Eurasian Union for access to the single labor market. Retrieved from https://eurasia.expert/strany-sng-budut-sblizhatsya-s-evraziiskim-soyuzom-dlya-dostupa-k-edinomu-rynku-truda/?utm_source=yandex.kz&utm_medium=organic&utm_campaign=yandex.kz&utm_referrer=yandex.kz [in Russian].